



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орда тарихындағы дағдарыстар

Мақсаты:

Алтын Орда мемлекетінің саяси және
әлеуметтік-экономикалық
дағдарыстарының себептерін, олардың
барысын және мемлекеттің
әлсіреуіне әкелген факторларды талдау.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- XIV ғасырдағы ішкі және сыртқы саясидағдарыстардың алғышарттарын анықтау;
- Мемлекеттегі билік үшін күрестің сипатын сипаттау;
- Экономикалық құлдырау мен халықаралық қатынастардың әлсіреу себептерін түсіндіру;
- Алтын Орданың құлдырауының тарихи салдарын көрсету.



Дағдарыстың тарихи алғышарттары



Өзбек хан (1312–1342) билігі – Алтын Орданың “алтын ғасыры”. Оның өлімінен кейін мемлекеттің ішкі тұрақтылығы шайқалып, билік үшін күрес басталды.

Түйінді алғышарттар:

- **мұрагерлік мәселесі шешілмеді;**
- **ұлыстар мен аймақтық элитаның күшеюі;**
- **орталық биліктің әлсіреуі;**
- **індет (оба) және сыртқы қысым;**
- **сауда жолдарының ауысуы.**

Өзбек хан ұлы Тинибекті мұрагер етіп бекіткен, бірақ ол жорықта жүргенде билікті оның анасы мен сарай әмірлері Жәнібекке берді. Тинибек келе жатқанда жолда опасыздықпен өлтірілді. Кейін Жәнібек өз інісі Қыдырбекті де жойып, билікті өзі алды

Жәнібек билігі және алғашқы белгілер

Жәнібек ханның 13 жылдық билігі (1342–1357) – сырттай қарағанда қуатты кезең, бірақ ішкі дағдарыстың тереңдеуі осы тұстан басталады.

Бұл жылдары:

- Польша, Литва, Қырымдағы италян колонияларымен қақтығыстар күшейді;*
- Ақ Орда билеушісі Мүбарак Қожа тәуелсіздігін жариялады (монеталарда оның жеке титулы пайда болды);*
- Шайбан ұрпақтары да автономияға ұмтылды.*



Бердібек және мемлекеттік күйреудің басталуы

Жәнібектің мұрагері Бердібек (1357–1359) билікке келгенде элиталар арасындағы қақтығыс шегіне жетті.

Бердібек:

- өз туыстарын түгелдей дерлік жойды (деректерде «Өзбек әулетін түгел қырып бітіру» деп айтылады);
- Қырымда венециандықтар мен генуэздерге бұрын-соңды болмаған жеңілдіктер берді;
- шіркеулерге салықтан босату сияқты қадамдар жасады.



A historical map of the Golden Horde and surrounding regions. The Golden Horde is highlighted in yellow and labeled 'GOLDEN HORDE' in large, bold, dark blue letters. Other regions shown include 'MOSCOW' to the northwest, 'KAZAN' and 'BULGAR' within the Golden Horde, 'TYUMEN' to the northeast, 'KIEV' to the west, 'SARAI' and 'SARAIKHAN' in the south, 'AZAK' and 'MAZHAR' further south, and 'URGENCH' at the bottom. Bodies of water include the 'CASPIAN SEA' and 'ARAL SEA'. A dark red rounded rectangle is overlaid on the map, containing the title text. A black arrow points from the 'SARAI' label towards the right.

“ҰЛЫ ДҮРБЕЛЕН” КЕЗЕҢІ (1359–1380)

Бердібек өлгеннен кейін Алтын Ордада 20 жылда 25-тен астам хан ауысты. Хандар соншалық жылдам ауысқандықтан кейбірінің аты тіпті жылнамаларға енбей қалды.

Осы кезде:

- Хорезм Алтын Ордадан бөлініп шықты;
- Ақ Орда (Шымтай, кейін Орыс хан) іс жүзінде тәуелсіз елге айналды;
- Шайбан ұлысы да дербестікке ұмтылды;
- 1361 жылдан кейін Хорезмде Алтын Орда атынан монета соғу тоқтады.

Мамай кезеңі және Куликово шайқасы (1380)

Мамай хан емес еді, бірақ билікті толық бақылаған әмір болатын. Ол орталық билікті қайта қалпына келтіре алмады.

1380 жылы Куликово даласында Мамайдың Дмитрий Донскойдан жеңілуі – Алтын Орда беделін қатты түсірген оқиға.

Бұл оқиға Мәскеудің күшеюін бастады, Алтын Орда ішіне жаңа билік талапкерлері шықты.



Тоқтамыс және Темір қақтығыстары



Тоқтамыс (1380–1395) Алтын Орданы уақытша біріктіріп, бұрынғы қуатын қайтаруға тырысты. Ол 1382 жылы Мәскеуді қайта бағындырды.

**Бірақ Әмір Темірмен қақтығыс мемлекет үшін апатты болды.
1389–1395 жж.:**

- **Сарай, Астрахань, Үкек күйреді;**
- **сауда жолдары тоқтады;**
- **экономикалық база жойылды.**

Бұл соққылар кейін мемлекеттің толық ыдырауына себеп болды